

Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілеріне арналған нысанды киім-кешек пен оларды кию құқығын пайдаланатын мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметкерлері, лауазымды адамдары мен жұмыскерлері үшін нысанды киім дайындау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 206-ө. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.05.31. N 442 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілеріне арналған нысанды киім-кешек пен оларды кию құқығын пайдаланатын мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметкерлері, лауазымды адамдары мен жұмыскерлеріне нысанды киім дайындау үшін отандық өндірушілердің өнімін пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда ведомствоаралық жұмыс тобы құрылсын:
Құсайынов - Қазақстан Республикасының Индустрія
Әбілғазы Қалиакбарұлы және сауда вице-министрі, жетекші
Власов - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Николай Афанасьевич вице-министрі, жетекшінің орынбасары
жұмыс тобының мүшелері:
Айтуаров - Қазақстан Республикасы Индустрія және
Болат Жұсіпұлы сауда министрлігінің Стандарттау,
метрология және сертификаттау жөніндегі
комитеті төрағасының орынбасары
Бодорин - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Юрий Владимирович қауіпсіздік комитеті бірінші басқармасы
бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Дүйсембин - Қазақстан Республикасы Өділет
Исхан Ислемұлы министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі
комитеті төрағасының орынбасары
Жұсіпбеков - Қазақстан Республикасының Қаржы
Қуанышбек Арғынғазыұлы полициясы агенттігі қаржы-шаруашылық
басқармасының бастығы
Несонова - Қазақстан Республикасы Индустрія және
Татьяна Сергеевна сауда министрлігінің Индустріалдық

саясат департаменті тұтыну тауарлары
басқармасы бастығының орынбасары

- Лисовский
Александр Петрович - "Қазақстан темір жолы" ұлттық
компаниясы" ЖАҚ Техникалық
департаментінің стандарттау, метрология
және сертификаттау басқармасы
метрология бөлімінің бастығы
(келісім бойынша)
- Медетбеков
Уәлихан Жұматұлы - Қазақстан Республикасының Кедендік
бақылау агенттігі Қаржы-шаруашылық
басқармасы мемлекеттік сатып алуды
материалдық-техникалық қамтамасыз ету
бөлімінің бастығы
- Поплавков
Владимир Петрович - Қазақстан Республикасының Төтенше
жағдайлар жөніндегі агенттігі
Мемлекеттік өртке қарсы қызмет
бастығының орынбасары
- Собецкая
Ольга Даниловна - Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасы бухгалтерлік
есеп және есеп беру бөлімінің
бас маманы (келісім бойынша)
- Сорокин
Владислав Владимирович - Қазақстан Республикасы Президентінің
Күзет қызметі Төртінші департаментінің
бірінші басқармасы бірінші бөлімінің
аға офицері (келісім бойынша)
- Оразалинов
Марат Зайтуллаұлы - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрлігінің Тыл департаменті
бастығының орынбасары
- Фролов
Павел Михайлович - Қазақстан Республикасы Республикалық
ұланы Тыл, техника және қару-жарақ
басқармасы бастығының орынбасары - тыл
бөлімінің бастығы (келісім бойынша)
- Худова
Любовь Николаевна - Қазақстан Республикасы Жеңіл өнеркәсіп
кәсіпорындары қауымдастығының атқарушы
директоры (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 2003 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде Қазақстан
Республикасының Үкіметіне отандық өндірушілер өнімдерінің тұтынушылық

ерекшеліктеріне қойылатын талаптарды белгілеу, оларды өндіруді, сатып алушы және олардан Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілеріне арналған нысанды киім-кешек пен оларды кию құқығын пайдаланатын мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметкерлері, лауазымды адамдары мен жұмыскерлеріне нысанды киім дайындау мүмкіндігін айқындау, сондай-ақ ішкі рынокты қорғаудың тарифтік емес шаралары жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар берсін.

3. Жұмыс тобының жетекшісіне мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қажетті мамандарын оның жұмысына қатысуға тарту құқығы берілсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК